

Шарбақты ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беру мектептеріне тасымалдау схемалары мен тәртібін бекіту туралы

Павлодар облысы Шарбақты ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 26 маусымдағы № 153/1 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 9 шілдеде № 7569 -14 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының "Автомобиль көлігі туралы" Заңының 14-бабы 3-тармағының 3-1) тармақшасына сәйкес, Шарбақты ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының 1-11 қосымшаларына сәйкес Шарбақты ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептеріне тасымалдау схемалары бекітілсін.

2. Осы қаулының 12-қосымшасына сәйкес Шарбақты ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептеріне тасымалдау тәртібі бекітілсін.

3. Шарбақты ауданы әкімдігінің келесі қаулыларының күші жойылды деп танылсын :

1) Шарбақты ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 22 шілдедегі "Шарбақты ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беру мектептеріне тасымалдау схемалары мен тәртібін бекіту туралы" № 205/7 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4693 болып тіркелген);

2) Шарбақты ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 28 қазандағы "Шарбақты ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 22 шілдедегі "Шарбақты ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беру мектептеріне тасымалдау схемалары мен тәртібін бекіту туралы" № 205/7 қаулысына өзгерту және толықтыру енгізу туралы № 321/10 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4819 болып тіркелген).

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Шарбақты ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.


5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Шарбақты ауданының әкімі

С. Иманкулов

Шарбақты ауданы әкімдігінің
2024 жылғы 26 маусымдағы
№ 153/1 қаулысына
1-қосымша

Садық-Ащи, Ближний Бузулань және Чупкалы ауылдарында тұратын балаларды Павлодар облысының білім беру басқармасы, Шарбақты ауданы білім беру бөлімінің "Шалдай жалпы орта білім беру мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне тасымалдау схемасы




Шартты белгілер:

-  – Павлодар облысының білім беру басқармасы, Шарбақты ауданы білім беру бөлімінің «Шалдай жалпы орта білім беру мектебі» КММ
-  – автобус маршруты
-  – елді мекендер
-  – Шарбақты - Шалдай автожолы
- L – мектептен елді мекенге дейінгі қашықтық

Шарбақты ауданы әкімдігінің
2024 жылғы 26 маусымдағы

Шарбақты ауылынан Павлодар облысының білім беру басқармасы, Шарбақты ауданы білім беру бөлімінің "Қарабидай негізгі жалпы білім беру мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне балаларды тасымалдау схемасы



Шартты белгілер:

 – Павлодар облысының білім беру басқармасы, Шарбақты ауданы білім беру бөлімінің «Қарабидай негізгі жалпы білім беру мектебі» КММ

 – автобус бағыты

 – Шарбақты ауылы

 – Павлодар-Кулунда автожолы

 – темір жол

L – мектептен елді мекенге дейінгі қашықтық


Шарбақты ауданы әкімдігінің

2024 жылғы 26 маусымдағы

№ 153/1 қаулысына

3 - қосымша

Алексеевка (Северное көшесі, Мира көшесі) және Кургамыс ауылдарында тұратын балаларды Павлодар облысының білім беру басқармасы, Шарбақты ауданы білім беру бөлімінің "Алексеевка жалпы орта білім беру мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне тасымалдау схемасы




Шартты белгілер:

-  – Павлодар облысының білім беру басқармасы, Шарбақты ауданы білім беру бөлімінің «Алексеевка жалпы орта білім беру мектебі» КММ
-  – автобус маршруты
-  – елді мекендер
-  – Павлодар-Кулунда автожолы
-  – темір жол
- L – мектептен елді мекенге дейінгі қашықтық

Шарбақты ауданы әкімдігінің
2024 жылғы 26 маусымдағы

Сосновка ауылында (Ленин көшесі) тұратын балаларды Павлодар облысының білім беру басқармасы, Шарбақты ауданы білім беру бөлімінің "Заборовка негізгі жалпы білім беру мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне тасымалдау схемасы



Шартты белгілер:

 – Павлодар облысының білім беру басқармасы, Шарбақты ауданы білім беру бөлімінің
«Заборовка негізгі жалпы білім беру мектебі» КММ

 – автобус маршруты

 – Сосновка ауылы

 – Успенка – Шарбақты автожолы

L – мектептен елді мекенге дейінгі қашықтық


Шарбақты ауданы әкімдігінің

2024 жылғы 26 маусымдағы

№ 153/1 қаулысына

5 - қосымша

Көлбұлақ және Маралды ауылдарында тұратын балаларды Павлодар облысының білім беру басқармасы, Шарбақты ауданы білім беру бөлімінің "Хмельницкий жалпы орта білім беру мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне тасымалдау схемасы



Шартты белгілер:

 - «Павлодар облысының білім беру басқармасы, Шарбақты ауданы білім беру бөлімінің «Хмельницкий жалпы орта білім беру мектебі» КММ

 - автобус маршруты

 - темір жол


 - Павлодар - Кулунда автожолы

 - елді мекендер

L – мектептен елді мекенге дейінгі қашықтық

Шарбақты ауданы әкімдігінің
2024 жылғы 26 маусымдағы
№ 153/1 қаулысына
6 - қосымша

Шарбақты ауылының оңтүстік бөлігі, Малиновка ауылында тұратын балаларды Павлодар облысының білім беру басқармасы, Шарбақты ауданы білім беру бөлімінің "Абай Құнанбаев атындағы жалпы орта білім беру мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне тасымалдау схемасы



Шартты белгілер:

– Павлодар облысының білім беру басқармасы,
Шарбақты ауданы білім беру бөлімінің
«Абай Құнанбаев атындағы жалпы орта
білім беру мектебі» КММ

– автобус маршруты
 – темір жол

– Успенка – Шарбақты автожолы

– Малиновка ауылы

– Павлодар – Кулунда автожолы


– отырғызу мен түсіру орындары

L – мектептен елді мекенге дейінгі қашықтық

Отырғызу мен түсіру орындары:


1. Бауыржан Момышұлы көшесі (Дүкен «Ветеран»)
2. Ворушина –Бауыржан Момышұлы көшесі
3. Павлодар облысының білім беру басқармасы,
Шарбақты ауданы білім беру бөлімінің «Абай
Құнанбаев атындағы жалпы орта білім беру
мектебі» КММ
4. Павлодар облысының білім беру басқармасы,
Шарбақты ауданы білім беру бөлімінің
«№2 жалпы орта білім беру мектебі» КММ

Богодаровка ауылында тұратын балаларды Павлодар облысының білім беру басқармасы, Шарбақты ауданы білім беру бөлімінің "Гимназиялық сыныптары бар жалпы орта білім беру мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне тасымалдау схемасы



Шартты белгілер:

 – «Павлодар облысының білім беру басқармасы, Шарбақты ауданы білім беру бөлімінің «Гимназиялық сыныптары бар жалпы орта білім беру мектебі» КММ


 – автобус маршруты

 – Шарбақты -Сынтас автожолы

 – Богодаровка ауылы

L – мектептен елді мекенге дейінгі қашықтық

**Богодаровка ауылында тұратын балаларды Павлодар облысының білім беру басқармасы,
Шарбақты ауданы білім беру бөлімінің "№ 2 негізгі жалпы білім беру мектебі"
коммуналдық мемлекеттік мекемесіне тасымалдау схемасы**



Шартты белгілер:

 – Павлодар облысының білім беру басқармасы, Шарбақты ауданы білім беру бөлімінің «№ 2 негізгі жалпы білім беру мектебі» КММ


 – автобус маршруты

 – Богодаровка ауылы

 – Шарбақты-Сынтас автожолы

L - мектептен елді мекенге дейінгі қашықтық

Богодаровка және Малиновка ауылында тұратын балаларды Павлодар облысының білім беру басқармасы, Шарбақты ауданы білім беру бөлімінің "№3 жалпы орта білім беру мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне тасымалдау схемасы



Шартты белгілер:

 – Павлодар облысының білім беру басқармасы, Шарбақты ауданы білім беру бөлімінің «№3 жалпы орта білім беру мектебі» КММ

 – автобус маршруты

 – елді мекендер


 - темір жол

 - Успенка- Шарбақты автожолы

 - Павлодар- Кулунда автожолы

L – мектептен елді мекенге дейінгі қашықтық

Жылы-Бұлақ ауылында (Ахмет Байтұрсынов көшесі) тұратын балаларды Павлодар облысының білім беру басқармасы, Шарбақты ауданы білім беру бөлімінің "Абай Құнанбаев атындағы жалпы орта білім беру мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне тасымалдау схемасы



Шартты белгілер:

 – Павлодар облысының білім беру басқармасы, Шарбақты ауданы білім беру бөлімінің «Абай Құнанбаев атындағы жалпы орта білім беру мектебі» КММ

 – автобус маршруты

 – Жылы-Бұлақ ауылы Ахмет Байтұрсынов көшесі


 - темір жол

 - Павлодар- Кулунда автожолы

 - Успенка- Шарбақты автожолы

L – мектептен елді мекенге дейінгі қашықтық

Шарбақты ауылының шығыс бөлігінде тұратын балаларды "Павлодар облысының білім беру басқармасы, Шарбақты ауданы білім беру бөлімінің "Гимназиялық сыныптары бар жалпы орта білім беру мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне және Павлодар облысының білім беру басқармасы, Шарбақты ауданы білім беру бөлімінің "№2 негізгі жалпы білім беру мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне тасымалдау схемасы



Шартты белгілер:

 – Павлодар облысының білім беру басқармасы, Шарбақты ауданы білім беру бөлімінің «№2 негізгі жалпы орта білім беру мектебі» КММ

 - Павлодар облысының білім беру басқармасы, Шарбақты ауданы білім беру бөлімінің «Гимназиялық сыныптары бар жалпы орта білім беру мектебі» КММ

 – автобус маршруты

 – темір жолы

 – отырғызу мен түсіру орындары

 – Успенка – Шарбақты автожолы

Отырғызу мен түсіру орындары:

1. Антонова-Баян батыр көшесі
2. Гагарин –Баян батыр көшесі
3. Чкалов –Естая көшесі
4. Панфилов – 1 май көшесі

Шарбақты ауданының шалғай елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдау тәртібі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Шарбақты ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беру мектептеріне тасымалдаудың осы тәртібі Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 26 наурыздағы № 349 "Автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 534 "Жол жүрісі қағидаларын, Көлік құралдарын пайдалануға рұқсат беру жөніндегі негізгі ережелерді, көлігі арнайы жарық және дыбыс сигналдарымен жабдықталуға және арнайы түсті-графикалық схемалар бойынша боялуға тиіс жедел және арнайы қызметтер тізбесін бекіту туралы" бұйрығына сәйкес әзірленген және Баянауыл ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беру мектептеріне тасымалдау тәртібін айқындайды.

2 - тарау. Автокөлік құралдарына қойылатын талаптар

2. Балаларды тасымалдау үшін бөлінген автобустардың, шағын автобустардың техникалық жай-күйі, техникалық қызмет көрсету өткізудің көлемдері мен мерзімдері, жабдықтары автомобиль көлігі саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органмен бекітілетін Автокөлік құралдарын техникалық пайдалану ережесімен белгіленген талаптарға жауап беруі тиіс.

3. Балаларды тасымалдауға арналған автобустарға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 11 қаңтардағы № ҚР ДСМ-5 бұйрығымен бекітілген "Жолаушылар мен жүктерді тасымалдауға арналған көлік құралдарына қойылатын санитариялықэпидемиологиялық талаптар" санитарлық қағидалардың 25 қосымшасының 1 тармағына сай болуы тиіс, сондай-ақ мыналармен:

1) автобустың алдында және артында орнатылуы тиіс "Балаларды тасымалдау" деген төрт бұрыш айыратын белгімен;

2) сары түсті жылтыр шағын маягымен;

3) әрқайсысының сыйымдылығы кемінде екі литр болатын оңай алынатын өрт сөндіргіштермен (біреуі - жүргізушінің кабинасында, басқасы -автобустың жолаушылар салонында);

4) екі алғашқы медициналық көмек қобдишаларымен (медициналық көмек қобдишалары Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2014 жылғы 2 шілдедегі № 368 "Алғашқы медициналық көмектің автомобильдік дәрі-дәрмек қобдишаларының дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдар тізбесін бекіту туралы" бұйрығымен бекітілген алғашқы медициналық көмектің автомобильдік дәрі-дәрмек қобдишаларының дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдар тізбесіне сәйкес дәрі дәрмектермен және медициналық өнімдермен жабдықталуы керек);

5) екі жылжуға қарсы тіректермен;

6) авариялық тоқтау белгісімен;

7) колоннада жол жүргенде - автобустың алдыңғы терезесінде қозғалыс бағытымен оң жағында орнатылатын, автобустың колоннадағы орны көрсетілген ақпараттық кестемен жабдықталуы тиіс.

4. Балаларды тасымалдауға пайдаланылатын автобустарда мыналар болуы тиіс:

1) ешқандай кедергісіз ашылып, жабылатын жолаушылар салонының есіктері мен авариялық люктер. Есіктерде өткір немесе олардың бетінен алыс тұрған шығыңқы жерлер болмауы тиіс;

2) жабық жай-күйде жүргізушінің кабинасы мен жолаушы салонына жауын-шашынның түсуін толық болдырмайтын төбе, авариялық люктер және терезелер;

3) берік бекітілген тұтқалар және отырғыштар;

4) жолаушыларға арналған креслолардың отырғыштары мен арқалықтарының таза және жыртықсыз тыстары;

5) тегіс, шығыңқы жерлері немесе бекітілмеген бөлшектері жоқ баспалдақтары мен салонның едені.

Салон еденінің жамылғысы жыртықсыз материалдан жасалуы тиіс;

6) шаңнан, кірден, бояудан және олар арқылы көруді төмендететін өзге де заттардан тазартылған терезелердің мөлдір шынылары;

7) жылдың суық мезгілінде жылытылатын және ыстық мезгілінде желдетілетін, құрал-сайман және қосалқы бөлшектер тиелмеген жолаушылар салоны.

5. Автобустардың салондарын ылғалды жинау ауысымда кемінде бір рет және ластануына байланысты жуу және дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып жүргізіледі.

6. Сыртқы кузовты жуу ауысымнан кейін өткізіледі.

3 - тарау. Балаларды тасымалдау тәртібі

7. Балаларды тасымалдауды бастамастан бұрын талаптарға сәйкес болуын тасымалдаушы пайдаланатын көлік құралдарының техникалық жай-күйі үшін

жауапкершілік жүктелген лауазымды адам тексеруі тиіс (бас инженер, техникалық бақылау бөлімінің бастығы, өзге де жауапты адамдар).

Соның ішінде, автобустан авариялық шығулардың және оларды қимылға келтіретін құрылғылардың, есіктерді басқару сымдарының, төбедегі желдетпе люктердің қақпақтарын ашу тетіктерінің, салонды желдету және жылыту жүйелерінің, есіктер жұмысының сигнал берулері мен аялдаманы талап ету сигналының, дыбыс сигналының дұрыстығы; орындықтардың, тұтқалардың, ілме басқыштардың, желдеткіштердің жай-күй мен бекітілуі, өрт сөндіргіштердің бар болуы және бекітілуі, дәрігерлік дәрі қобдишасының жабдықталуы тексерілуі тиіс.

Террорлық актілердің алдын алу мақсатында бөтен заттардың бар болуына автобустарды мұқият тексеру жүргізіледі.

Тексеруді жүзеге асыратын лауазымды адам автобустың техникалық жарамдылығы және балаларды тасымалдауға дайындығы жөнінде жолпарақта немесе өзге ресми құжатта белгі қояды.

8. Автобуспен тасымалданатын балалар мен ересектердің жалпы саны осы көлік құралы үшін белгіленген және отыру үшін жабдықталған орындардың санынан аспайды.

Балаларды тасымалдау үшін бөлінетін автобустардың орындықтарының орналасуы ересек еріп жүрушілерге өз орындарынан қозғалыс кезінде балалардың мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыруға мүмкіндік беруі тиіс

9. Балалардың топтарын көрінім жеткіліксіз жағдайда (тұман, қар жауған, жаңбыр және басқалар), сондай-ақ 22.00-ден бастап 06.00 сағатқа дейін автобустармен тасымалдауға жол берілмейді.

Тасымалдау қауіпсіздігіне қатер төндіретін жол және метеорологиялық жағдайлардың қолайсыз өзгеруі кезінде, автобустардың қозғалысын уақытша тоқтату туралы қолданыстағы нормативтік құжаттарда көзделген жағдайда тасымалдаушы рейсті алып тастауға және бұл туралы тапсырыс берушіге дереу хабарлауға тиіс.

10. Тәуліктің жарық мезгілінде балаларды автобуспен тасымалдау фаралардың жақын қосылған жарығымен жүзеге асырылады.

11. Оқу орындарына тасымалдауды ұйымдастыру кезінде тасымалдаушы жергілікті атқарушы органдармен және оқу орындарының әкімшілігімен бірлесіп маршруттарды және балаларды отырғызудың және түсірудің ұтымды орындарын белгілейді.

Автобусты күтіп тұрған балаларға арналған алаңшалар, олардың жүріс бөлігіне шығуын болдырмайтындай жеткілікті үлкен болуы тиіс.

Алаңдарда жайластырылған өту жолдары болуы және жолаушыларды және багажды автомобильмен тұрақты тасымалдау маршруттарының аялдама пункттерінен бөлек орналасуы тиіс.

Егер балаларды тасымалдау тәуліктің қараңғы мезгілінде жүзеге асырылса, онда алаңшалардың жасанды жарығы болуы тиіс.

Күзгі-қысқы кезеңде алаңдар қардан, мұздан, кірден тазартылуы тиіс.

12. Балаларды оқу орындарына тасымалдауға тапсырыс беруші (бұдан әрі - білім беру ұйымдары) балаларды отырғызу және түсіру орындарының жай-күйін тұрақты түрде (айына кемінде бір рет) тексереді.

13. Автобустардың қозғалыс кестесін тасымалдаушы мен тапсырыс беруші келіседі.

Жол жағдайларының қолайсыз өзгеруі кезінде, басқа жағдайлар кезінде (қозғалысқа шек қою, уақытша кедергілердің көрінуі, бұл жағдайда жүргізуші кестеге сәйкес жылдамдықты жоғарылатпай жүре алмайды), кесте жылдамдықты төмендету жағына (қозғалыс уақыттарының артуына) түзетіледі. Кестенің өзгеруі туралы тасымалдаушы білім беру ұйымдарын хабарлауы тиіс, ол балаларды дер кезінде хабарландыру бойынша шаралар қабылдайды.

14. Балалардың ұйымдастырылған топтарын тасымалдауларына жеті жастан кіші емес балалар рұқсат етіледі.

Жеті жасқа толмаған балалар білім беру мекемесі жұмысшыларының, сондай-ақ ата-анасымен және оларды ауыстыратын адамдармен жеке алып жүруі кезінде ғана жол жүруге рұқсат етілуі мүмкін.

15. Автобустарда жол жүруге мынадай балаларға және ересек еріп жүрушілерге рұқсат етілмейді:

- 1) қауіпсіздік шараларын бұзуға әкеп соғатын, толқыған жай-күйінде;
- 2) алкоголь, есірткі, психотропты және улағыш заттардың әсері болғанда.

16. Балаларды тасымалдау үшін мынадай жүргізушілерге рұқсат етіледі:

- 1) жасы жиырма бес жастан кем емес, тиісті санаттағы жүргізуші куәлігі және жүргізушінің бес жылдан кем емес жұмыс өтілі бар;
- 2) автобустың жүргізушісі ретіндегі кемінде соңғы үш жыл үздіксіз жұмыс өтілі бар ;

3) соңғы жылдары еңбек тәртібін және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 534 бұйрығымен бекітілген "Жол жүрісі қағидаларын, Көлік құралдарын пайдалануға рұқсат беру жөніндегі негізгі ережелерді, көлігі арнайы жарық және дыбыс сигналдарымен жабдыкталуға және арнайы түсті-графикалық схемалар бойынша боялуға тиіс жедел және арнайы қызметтер тізбесін бекіту туралы" жол қозғалысының ережесін өрескел бұзбаған.

17. Балаларды тасымалдау кезінде автобустың жүргізушісіне рұқсат етілмейді:

- 1) сағатына 60 км артық жылдамдықпен жүруге;
- 2) жүру маршрутын өзгертуге;
- 3) балалар бар автобус салонында қол жүгі мен балалардың жеке заттарынан басқа кез келген жүкті, багажды немесе мүкәммалды тасымалдауға;
- 4) автобуста балалар болған кезінде, соның ішінде балаларды отырғызу және түсіру кезінде автобус салонынан шығуға;
- 5) автомобиль легінде жүру кезінде алда жүрген автобусты басып озуға;

6) автобуспен артқа қарай қозғалысты жүзеге асыруға;

7) егер ол көлік құралының өздігінен қозғалуын немесе оны жүргізуші жоқ болғанда пайдалануын болдырмау шараларын қолданбаса, өз орнын тастап кетуге немесе көлік құралын қалдыруға.

18. Балаларды автобусқа отырғызу еріп жүрушінің басшылығымен және жүргізушінің бақылауымен автобус толық тоқтағаннан кейін отырғызу алаңында жүргізіледі.

19. Еріп жүруші отырғызу (түсіру) аяқталғаны туралы хабар бергеннен және автобус есіктері толық жабылғаннан кейін жүргізушіге отырғызу (түсіру) орнынан автобус қозғалысын бастауға рұқсат етіледі.

20. Еріп жүрушілер автобусқа отырғызу және одан түсіру, автобус қозғалысы кезінде, аялдау уақытында балалар арасында тиісті тәртіпті қамтамасыз етеді.

4 - тарау. Қорытынды ережелер

21. Шарбақты ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білімі беру мектептеріне тасымалдау бойынша осы тәртіппен реттелмеген қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаға сәйкес реттелінеді.